

Тексерілді: «29» 05 2026ж  
 Әдіскер : Каюпова А.Е. *Келесі*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы I-апта  
 Іс-әрекет түрі: Музыка.

<b>Маусым</b>		
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		«Мен бақытты баламын»
<b>Күні:</b> 01.06.- 05.06.2026ж		2 сағат
<b>Топ:</b>	«Гүлдер» аралас тобы (3-4 жас)	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Музыка жанрларын (ән, күй, би, марш) ажыратуға үйрету. Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін (жоғары-төмен дыбыс, тембр) ажырата біту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық шығарманың сипаты мен көңіл күйін түсініп, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы балалардың физикалық және эмоционалдық саулығын нығайту.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыка жанрларын ажыратады. Музыкалық шығарманың көңіл күйін сипаттай алады. Жоғары және төмен дыбыстарды ажыратады. Әнді топпен бірге орындайды. Музыкалық-ырғақты қимылдарды орындайды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Белсенді сөздік қор: ән, күй, би, марш, бақыт, бейбітшілік. Сұрақтар: – Музыкадан қандай әсер алдың? – Әннің көңіл күйі қандай? – Қандай музыка жанрларын білесің?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар әндерді тыңдап, олардың көңіл күйін ажырата алады. Музыка ырғағына сәйкес қарапайым қимылдар орындайды. Таныс әндерді бірге орындауға дағдыланған.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Педагог балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, шаттық шеңберіне тұрғызады. <b>Музыкалық сәлемдесу: «Сәлеметсіз бе!»</b> <b>Музыкалық-ритмикалық жаттығу:</b> Балалар таза ауада марш әуенімен шеңбер бойымен жүреді. Денені тік ұстап, тізені жоғары көтеріп адымдайды. Педагог балаларға доп лақтырып сұрақтар қояды: – Бақыт деген не? – Сен өзінді қашан бақытты сезінесің? – Достарыңа қандай тілек айтар едің?	Музыкалық колонка, доп, құстардың суреттері, түрлі түсті шарлар, бубен, асатаяқ, тұяқтас, нота хрестоматиясы, ашық алаң.
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Ақ көгершін» (муз. Қ. Қалқатаев, сөзі Е. Баят). «Еркін самғап ұшсын» деп, Мәпелейміз, баптаймыз. «Бейбітшілік құсы» деп,	

	<p><i>Қайсы құсты біз мақтаймыз?</i>  <b>Ой дамыту.</b>  – Ән сендерге ұнады ма? Неліктен?  Бейбітшілікті сен қалай елестетесің? Бұл ән қандай құс туралы? Әннің қарқыны, көңіл күйі қандай? Сен бұл құсты білесің бе? Мына құстардың арасынан көгершінді тауып, белгіле.</p> <p><b>Дауыс жаттығулары:</b> «Тақ-тұқ», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары.  Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.  <b>Ән айту:</b> «Біз бақытты баламыз» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Балалардан ән мазмұны мен көрнекі суреттердің өзара байланысын сұрау. Әнді бубен, асатаяқ, тұяқтас аспаптарының сүйемелдеуімен орындау.  «Бейбітшілік құсы көгершін» деп таныстыру.  <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Қазіргі би ырғағы» (муз. Е. Латин). Музыкалық шығарманың сипатын мағыналы түрде көрсетуге дағдыландыру. Заманауи би элементтерін Польша (Б. Сметан), ұлттық би («Айгөлек») түрлерімен салыстыру, айырмашылықтарын түсіндіру.  <b>Ой қозғау.</b>  Әннен қандай әсер алдың? Осы әннің көңіл күйіне сәйкес қай түсті шарды қалар едің?  Қандай би түрлерін білесің? Қандай ырғақта билегенді ұнатасың? Бүгінгі үйренген әнге қалай билер едің? Өз таңдауыңды көрсет.  <b>Сауықтыру элементтері</b>  <b>Психогимнастика:</b> «Мен және менің көңіл күйім»  Балалар өз көңіл күйлерін мимика және қимыл арқылы көрсетеді.  Қуаныш, шаттық, достық сезімдерін бейнелейді.  Жаттығу эмоционалдық шиеленісті төмендетіп, жағымды көңіл күй қалыптастырады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  .....минут</p>	<p><i>Сұрақ -жауап</i>  – Бүгін қандай ән тыңдадық?  – Қандай музыка жанрларын білдік?  – Музыкадан қандай әсер алдың?  – Қай бөлім саған көбірек ұнады?  Балалар өз пікірлерін айтады.  Тыныштандыру жаттығуы:  Балалар мұрын арқылы терең дем алып, ауыз арқылы баяу дем шығарады.  ҰІӘ қорытындыланып, балалармен қоштасады.</p>	

Тексерілді: «01» 06 2026ж  
 Әдіскер : Каюпова А.Е. *Хасан*

Жазғы сауықтыру кешіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы 2-апта  
 Іс-әрекет түрі: Музыка.

<b>Маусым</b>		
<b>ҮІӘ тақырыбы:</b>		<b>Тату доспыз бәріміз</b>
<b>Күні: 09.06– 12.06.2026ж</b>		<b>2сағат</b>
<b>Топ:</b>	<b>«Гүлдер» аралас тобы (3–4 жас)</b>	
<b>ҮІӘ-нің мақсаты:</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету. Таныс әндерді музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындауға баулу. Музыка сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау дағдыларын дамыту. Балалардың достық, татулық туралы түсініктерін кеңейту. Коммуникативтік ойындар арқылы жағымды қарым-қатынас қалыптастыру және эмоционалдық еркіндігін дамыту.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажыратады. Музыканың көңіл күйін сипаттай алады. Таныс әндерді бірге орындайды. Музыкаға сәйкес ырғақты қозғалыстар жасайды. Достық туралы өз ойларын еркін жеткізеді.	
<b>Өткен ҮІӘ-нен алған білім</b>	Белсенді сөздік қор: достық, дос, татулық, бақыт. Сұрақтар: – Дос деген кім? – Достық дегенді қалай түсінесің? – Әннің көңіл күйі қандай? – Саған қандай әндер ұнайды?	
	Балалар музыканың көңіл күйін ажырата алады. Таныс әндерді бірге орындайды. Музыка ырғағына сәйкес қимылдар жасайды. Өз ойларын еркін жеткізе алады.	
<b>ҮІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді. <b>Педагог:</b> Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма? «Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.	Музыкалық колонка, бақытты балалардың суреттері, достық тақырыбындағы суреттер, бубен, асатаяқ, нота хрестоматиясы, смайликтер, ашық алаң.
<b>ҮІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау: «Достар» Сөзі: Фариза Оңғарсынова</b> <b>Әні : Айжәгіт Асанов</b> Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?	

	<p><b>Дауыс жаттығулары:</b> «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.</p> <p><b>Мига шабуыл</b> Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек)</p> <p>Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Сұрақ – жауап. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы?</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.</p> <p><b>Сауықтыру элементі</b> <b>Коммуникативтік ойын-би:</b> «Досыңды тап» Балалар музыка әуенімен алаң ішінде еркін қозғалады. Музыка тоқтағанда әр бала өзіне жұп тауып, қол ұстасады. Жұбымен бірге қарапайым би қимылдарын орындайды. Келесі әуенде басқа досын тауып, ойынды жалғастырады. Ойын балалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, ұяңдықты жеңуге, еркін қарым-қатынас жасауға көмектеседі.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>Педагог балаларды шеңберге жинайды. Сұрақтар қояды: – Бүгін қандай ән тыңдадық? – Ән не туралы болды? – Дос деген кім? – Қай ойын сендерге көбірек ұнады? – «Досыңды тап» ойынын ойнаған ұнады ма? Балалар өз ойларын айтып, пікірлерімен бөліседі. <b>«Достық смайлигі» рефлексиясы</b> Балалар өз көңіл күйлеріне сәйкес смайлик таңдайды. – Маған өте ұнады. – Қызықты болды. – Тағы да үйренгім келеді. Педагог балаларды мадақтап: «Бүгін бәрің тату, ұйымшыл достар екендеріңді көрсеттіңдер!» – деп қорытындылайды. Балалармен қоштасып, көтеріңкі көңіл күймен ҰІӘ аяқталады.</p>	<p>Смайликтер</p>

Тексерілді: «12» 06 2026ж  
 Әдіскер : Каюпова А.Е. *Кейс*

Жазғы сауықтыру кешіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы 3-апта  
 Іс-әрекет түрі: Музыка.

Маусым		
<b>ҮІӨ тақырыбы:</b>	«Су – өмірдің өзегі»	
<b>Күні: 15.06.- 19.06.2026ж</b>	2 сағат	
<b>Топ:</b>	«Гүлдер» аралас тобы (3-4 жас)	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҮІӨ-нің мақсаты:</b>	Табиғаттағы судың маңызы мен пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Әнді педагогпен бірге орындауға, оның сипатына сәйкес ырғақты және мәнерлі қимылдар жасауға үйрету. Музыкалық шығарманың көңіл күйін ажыратуға баулу. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы балалардың эмоционалдық жай-күйін нығайту және ұсақ моторикасын дамыту.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Судың пайдасы туралы әңгімелей алады. Музыкалық шығарманың көңіл күйін ажыратады. Әнді педагогпен бірге орындайды. Музыка ырғағына сәйкес қимылдар жасайды. Саусақ гимнастикасын орындайды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Белсенді сөздік қор: су, жаңбыр, көл, аққу, тамшы. Сұрақтар: – Судың қандай пайдасы бар? – Аққу қандай құс? – Суды не үшін үнемдеу керек?	
<b>Өткен ҮІӨ-нен алған білім</b>	Балалар спорт және денсаулық туралы түсініктерін айта алады. Музыканың көңіл күйін ажыратады. Музыка ырғағына сәйкес қимылдар жасайды. Таныс әндерді бірге орындайды.	
ҮІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<b>Музыкалық сәлемдесу.</b> Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады. – Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.	Музыкалық колонка, су мен жаңбыр дыбыстарының аудиожазбасы, «Аққу көлі» шығармасы, «Саржайлау» күйі, «Су – өмірдің өзегі» әні, көбелек суреттері, су тамшыларының суреттері, нота хрестоматиясы, ашық алаң.
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут		
<b>ҮІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету. <b>Ән айту:</b> «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу.	

	<p>Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.  <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).  Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.  <b>Ой қозғау.</b>  Аққу қандай құс?  Судың пайдасы туралы не білесің?  Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?  Көбелектер неге ұқсайды?  Көбелектің түсі қандай болады? «Көбелек» биінің екпіні, ырғағы қандай?  <b>Сауықтыру элементтері</b>  <b>Музыкалық терапия:</b> «Судың сылдыры»  Балалар көздерін жұмып, судың сылдыры мен жаңбыр дыбысын тыңдайды.  Тыңдау барысында тынышталып, табиғат дыбыстарын сезінеді.  <b>Саусақ гимнастикасы:</b> «Су тамшылары»  Тамшы-тамшы тамады,  Сылдыр-сылдыр ағады.  Балалар саусақ ұштарымен алақандарына жеңіл соғып, жаңбыр тамшыларының қозғалысын бейнелейді.  Жаттығу ұсақ моториканы дамытып, қол бұлшықеттерін нығайтады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Педагог балаларды шеңберге жинайды.  Сұрақтар қою:  – Бүгін қандай ән үйрендік?  – Судың қандай пайдасы бар?  – Аққу қандай құс?  – Қай бөлім саған көбірек ұнады?  – Су тамшылары жаттығуын орындау ұнады ма?  Балалар өз ойларын айтады.  <b>«Тамшы көңіл күйі» рефлексиясы</b>  Педагог балаларға су тамшысының суретін көрсетеді.  Егер көңіл күйлері жақсы болса, күлімсіреген тамшыны таңдайды.  Егер ерекше ұнаса, қолдарын жоғары көтеріп көрсетеді.  <b>Тыныштандыру жаттығуы</b>  Балалар мұрын арқылы терең дем алып, ауыз арқылы баяу дем шығарады.  Педагог балаларды мадақтап, ҰІӘ-ні қорытындылайды.</p>	

Тексерілді: «19» 06 2026ж  
 Әдіскер : Каюпова А.Е. *Кейс*

Жазғы сауықтыру кешіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы 4-апта  
 Іс-әрекет түрі: Музыка.

	<b>Маусым</b>	
<b>ҮІӘ тақырыбы:</b>	«Пайдалы жемістер»	
<b>Күні: 22.06.- 26.06.2026ж</b>	2 сағат	
<b>Топ:</b>	«Гүлдер» аралас тобы (3-4 жас)	<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҮІӘ-нің мақсаты:</b>	Балаларға жемістердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру. Жемістерді жеу кезіндегі тазалық ережелерін сақтауға үйрету. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациямен орындауға баулу. Музыканы эмоционалды қабылдауын дамыту. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы ұсақ моториканы, сөйлеу аппаратын және шығармашылық белсенділігін дамыту.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Жемістердің адам денсаулығына пайдасын түсіндіреді. Жемістер мен көкөністерді ажыратады. Әнді таза интонациямен орындайды. Музыканың көңіл күйін анықтай алады. Музыкалық ойындарға белсенді қатысады	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Белсенді сөздік қор: алма, алмұрт, жүзім, өрік, дәрумен, жеміс. Сұрақтар: – Неліктен жемістер пайдалы? – Қандай жемістерді жақсы көресің? – Жемістерді жемес бұрын не істеу керек?	
<b>Өткен ҮІӘ-нен алған білім</b>	Балалар жаз мезгілі туралы әндерді орындаған. Музыка ырғағына сәйкес би қимылдарын жасаған. Таныс әндерді бірге орындауға дағдыланған.	
<b>ҮІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру.</b> 3-5 минут	<b>Проблемалық сұрақ:</b> Пайдалы және салауатты тағам деген не? Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.	
<b>ҮІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Бақтағы жемістер» (көңілді музыкалық шығарма). Балалар шығарманың көңілді сипатын анықтайды. Музыканың жылдам және баяу бөліктерін ажыратады. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Дыбысты таза айтуға, демді дұрыс алуға жаттығады. <b>Ән айту:</b> «Жемістердің пайдасы» муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова Педагог әннің мазмұнын түсіндіреді. Балалар жемістердің пайдасы туралы әңгімелейді. Әнді бірге орындап, таза айтуға жаттығады.	«Алатау» күйі «Полька», «Вальс», «Би әуені»  «Жемістердің пайдасы» әні

	<p><b>Ой қозғау:</b>  – Қандай жемістерді жақсы көресің?  – Жемістердің қандай пайдасы бар?  – Жемістерді жемес бұрын не істеу керек?</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер»</b>  Балалар жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинайды.</p> <p><b>Сауықтыру элементтері: Саусақ ойыны: «Дәмді жидектер»</b>  Бас бармақтан бастап саусақтарды кезекпен бүгін, жидектердің атауларын атайды.  Ұсақ моторика дамиды.</p> <p><b>Артикуляциялық жаттығу: «Алма жейміз»</b>  Балалар тілдерін жоғары-төмен қозғалтып, ерін жаттығуларын орындайды.  Сөйлеу аппараты дамиды.</p> <p><b>Музыкалық ойын: «Бизбин мен жемістер»</b>  Бір бала – бағбан, қалғандары – жемістер.  Музыка әуенімен қозғалып, өз жемісін атайды.  Ойын балалардың қозғалыс белсенділігін арттырады.</p>	<p>Асатаяқ, тұяқтас,  үшбұрыш, ксилофон,  металлофон</p>
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Педагог балаларға сұрақтар қояды:  – Бүгін қандай ән үйрендік?  – Қандай жемістерді атадық?  – Жемістердің қандай пайдасы бар?  – Қай ойын көбірек ұнады?  Балалар өз ойларымен бөліседі.  «Алма ағашы» рефлексиясы:  Балалар алма бейнесін таңдап, көңіл күйлерін білдіреді.  Педагог балаларды мадақтап, белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреді.</p>	